

Тақырыбы: «Табиғат дыбыстары»

Мақсаты:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғат дыбыстарын естіп, оларды музыкалық аспаптармен, дауысымен бейнелеу қабілетін дамыту. Есту, есте сақтау қабілетін жетілдіру.

Өткізілу формасы:

Музыкалық-сенсорлық ойын түрінде

Қажетті құрал-жабдықтар:

Табиғат дыбыстары жазылған аудио (жаңбыр, жел, құстардың үні, су сылдыры, найзағай т.б.)

Музыкалық аспаптар (триангл, барабан, қоңырау, ксилофон, маракас т.б.)

Табиғат бейнеленген суреттер немесе слайдтар

Сабақ барысы:

1. Кіріспе бөлім:

Музыка жетекшісі балалармен амандасып, табиғат жайлы қысқаша әңгіме жүргізеді:

– Балалар, біз бүгін табиғат әлеміне саяхат жасаймыз. Табиғатта қандай дыбыстарды ести аламыз?

(Балалар жауап береді: құстардың дауысы, су сылдыры, жаңбыр дыбысы, жапырақ сыбдыры т.б.)

2. Дыбысты танып-білу ойыны:

Балалар көздерін жұмады. Табиғат дыбыстары аудио арқылы қосылады.

– Қазір біз бір дыбысты тыңдаймыз, сендер ол ненің дыбысы екенін табыңдар.

(Ойын 4-5 түрлі дыбыспен өткізіледі)

3. Музыкалық бейнелеу:

Музыкалық аспаптар арқылы балалар табиғат дыбыстарын салып көреді.

Мысалы:

Жаңбыр – маракас

Найзағай – барабан

Жел – үшбұрыш (триангл)

Құстар – қоңырау

4. Қимылды ойын:

"Күн мен бұлт" ойыны – Музыка ойнап тұрғанда балалар билейді,

"жаңбыр жауады" деген белгіде бәрі тығылады немесе қолшатыр астына жиналады.

5. Қорытынды:

Балалар не үйренгенін айтып шығады. Табиғатты қорғау туралы қысқаша түсіндіру.

«Амангелді орта мектебі»КММ

Тақырыбы: Табиғат дыбыстары

Өткізген: Тоғайбаева С.

2024-2025 оқу жылы

«Амангелді орта мектебі»КММ

Тақырыбы: Табиғат дыбымтары

Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғат дыбыстарын естіп, оларды музыкалық аспаптармен, дауысымен бейнелеу қабілетін дамыту. Есту, есте сақтау қабілетін жетілдіру.

Қатысқан: Нұрдәулетұлы Нұрәли

Ұйымдастыру әдісі

Музыка жетекшісі балалармен амандасып, табиғат жайлы қысқаша әңгіме жүргізеді:

– Балалар, біз бүгін табиғат әлеміне саяхат жасаймыз. Табиғатта қандай дыбыстарды ести аламыз?

(Балалар жауап береді: құстардың дауысы, су сылдыры, жаңбыр дыбысы, жапырақ сыбдыры т.б.)

Қорытынды: Балалар табиғат дыбыстарын тыңдап, ажыратуды үйренеді, оларды музыкалық құралдармен бейнелеуге машықтанады, табиғатқа деген қызығушылығы мен сезімі



артады.



Музыка мұғалімі: Тоғайбаева Салтанат